

ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ
БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ
ОСАКАРОВ АУДАНЫ
БІЛІМ БӨЛІМІНІҢ
«№15 ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН
МЕКТЕБІ»
КОММУНАЛДЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ



КОММУНАЛЬНОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ
«ОБЩЕОБРАЗОВАТЕЛЬНАЯ
ШКОЛА №15»
ОТДЕЛА ОБРАЗОВАНИЯ
ОСАКАРОВСКОГО РАЙОНА
УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ
КАРАГАНДИНСКОЙ ОБЛАСТИ

БҰЙРЫҚ

01.09.2021 ж.

ПРИКАЗ

№ 37

Мектеп оқушыларын ыстық тамақпен қамтамасыз ету туралы

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі "Білім туралы" Заңына, Қарағанды облыстық мәслихатының 2020 жылғы 10 желтоқсандағы XLIV сессиясының "2021-2023 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы" №588 шешіміне, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №598 "Орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру, сондай-ақ мектепке дейінгі ұйымдарда, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етуге байланысты тауарларды сатып алу қағидаларын бекіту туралы" (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 24.05.2021 жылғы № 231 бұйрығымен енгізілген өзгерістерді ескере отырып), "Осакаров ауданының білім бөлімі" ММ 27 тамыздағы №157 бұйрығына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. 2021 жылғы 1 қыркүйектен бастап Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы №64 қаулысымен көзделген бюджет қаражаты шеңберінде жергілікті бюджет қаражаты есебінен тамақтанатын 1-4-сынып білім алушыларын және тамақтанатын 5-11-сынып білім алушыларын ыстық тамақпен қамтамасыз ету жөніндегі жұмыс ұйымдастырылсын.

2. Білім алушылардың жас ерекшеліктерін, сондай-ақ порция массасын граммен көрсете отырып әзірленген бірыңғай перспективалық мәзір бекітілсін.

4. Тамақтану сапасына жүйелі мониторинг жүргізуді және ыстық тамақтануды ұйымдастыру жөніндегі ақпаратты интернет-ресурста "Мектептік тамақтандыру" айдарында орналастыруды қамтамасыз ету.

5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары **Ғ. А. Қаңтарбаеваға** жүктелсін.

Директор:



О. Степанова

000089